

БЕКІТЕМІН

«NUR-SULTAN» Ақпараттық-құқық

бағдарламасының меңгерушісі

«Mursulan 77»

С.А. Табышева



Тақырыбы: «Орманға саяхат»

«Ертегі» ересек тобы

Тәрбиеші: Абатова С.А

2025 оқу жылы

Тақырыбы. Орманға саяхат

Мақсаты: Қарапайым математикалық түсініктерден алған білімдерін тиянақтау. Геометриялық пішіндерді танып, ажырата білуін жетілдіру. Қарапайым сан мен санау түсініктерін қалыптастыру. Ойынның шартын сақтап ойнауға шыдамды, сабырлы, шапшаң, ұйымшыл болуға тәрбиелеу. Ойын арқылы баланың ой-өрісін дамыту.

Міндеті: Баланы қоршаған ортамен таныстыру.

Ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту.

Тосын сәт

Буратинодан хат келу.

Саламатсыңдар ма балалар, мен өте көңілсізбін. Мен орманға серуендеуге шығып едім қайтар жолды таба алмай адасып қалдым маған сендердің көмектерің керек болып тұр


Балалар не істейміз Буратиноға көмектесеміз бе.

Балалар ендіше орманға адаспай бару үшін жолдағы тапсырмаларды орындайық

1- тапсырма: Дид ойын: «Ормандағы құрылыс» (таным математика)

Шарты: - Геометриялық фигураларды орындарына орналастыр. Тар жолды, кең жолды көрсет.

Шеңбер, сопақ және үшбұрыш қандай түсті? Жасыл түс. Шаршы мен төртбұрыштың түсі қандай? Қоңыр түс.



Кең жолда қандай пішін тұр?

Екі жолдың ортасында қандай пішін тұр?

Тар жолда қандай пішіндер тұр?


Ағаштардың бізге қандай пайдасы бар?

Қандай ағаштарды білеміз?

Қысы жазы түсін өзгертпейтін қандай ағаш?

2- тапсырма: Дид ойын: «Орманда» (таным, әлеумет)

Шарты: Балалар фондық суретке кішкентай түсті силуэт бейнелерін орналастырады.



Жүргізілу барысы: Алдарыңызда орман салынған сурет. Мына әдемі суретті толықтырайық.

Ең биік ағашқа құстар отырсын. Ал аласа ағаштың астында екі саңырауқұлақ өседі.

Ал діңгектің айналасында үш гүл жсайқалған. Аспанда күн нұрын шашады. Көлдің жанында бақалар отыр, көлде үйректер жүзіп жүр.

3- тапсырма: (коммуникатив, шығармашылық)

Тиін туралы түсінік беру.


Сұрақ-жауап.

Немен қоректенеді? Жаңғақпен, саңырауқұлақпен

Қайда мекендейді? Ағаш діңінде


Дид ойын: «Тиіндер»

Шарты: Әр тиінге өз шұңқырын табуға көмектес. Тиінді тамақтандыр. Әрбір тиіннің өлшеміне сәйкес қуыс пен әселекті тауып, тиінді жасапсыр.



Дид ойын: «Жаңғақ бұтасы» (шығармашылық мүсіндеу)

Шарты: Жаңғақтар жаңғақ бұтасында піскен. Оларды пластилиннен жасау. Пластилин бөліктерін шымыш арқылы алып, олардан жаңғақ шарларын жасап, бұтаға жасағып, саусақпен басу.



Ой қозғау.

Жаңғақтың түсі қандай?

Қоңыр түс.

Сергіту сәті : Денсаулықты сүйеміз

Шынығамыз күнде біз

Бір-екі-үш

Бір-екі-үш

Бұлшық етте міне күш

Ой жарайсыңдар балалар бойымызды сергітіп алсақ келесі тапсырманы орындайық

4-тапсырма

Іден 5ке дейінгі сандарды заттармен сәйкестендіру

Топқа келу сұрақ-жауап.

Ой қозғау.

Ал балалар орманда өзін ұстау ережелерін білеміз бе?.

Дид ойын: «Болады, болмайды»

-Ағаштар мен бұтақтарды сындырамыз. (болмайды)

Көбірек ағаш отырғызу (болады)

Шалғындарда серуендеу және гүлдерді таптау (болмайды)

Тек жолдармен жүру (болады)

Орманға қоқыс қалдыруға (болмайды)

Орманда от жасауға (болмайды)

Дид ойын: «Орман не үшін керек?»

Орман – құстар мен жануарлардың мекені.

Орман бізді қатты және суық әселдерден қорғайды.

Орман бізге құрылыс материалдарын береді.

Орман бізге таза су мен ауа береді.

Қортынды жасау

Балаларды мадақтау.